

ТУБЕРКУЛЕЗДІҢ АЛДЫН АЛУ

ТУБЕРКУЛЕЗ АУРУЫНАН ЖАЗЫЛЫП КЕТУГЕ БОЛА МА?

Әрине БОЛАДЫ.

Туберкулез ауруы – белгілі бір қоздырғыш, яғни микроорганизм қоздыратын ауру. Қазіргі таңда, аталмыш микроорганизмді өлтіретін, әсері күшті препараттар бар.



ТУБЕРКУЛЕЗДЕН ЕМДЕЛМЕГЕН ЖАҒДАЙДА НЕ БОЛАДЫ?

Туберкулез көп жағдайда баяу өршігендігімен, ем уақытында және толық жүргізілмеген болса, ауру науқастың жағдайын нашарлатып, оның созылмалы түрінің қалыптасуына, соңында, өлімге алып келеді.

Сонымен қатар, ем жүргізілмеген жағдайда айналасындағы адамдардың өмірлерін қатерге тігеді, себебі емделмеген адам туберкулез қоздырғышын қоршаған ортаға таратушы болып табылады.



ТУБЕРКУЛЕЗДЕН ТОЛЫҚ ЖАЗЫЛҒАННАН KEЙІН, ҚАЙТА АУЫРЫП ҚАЛУ МҮМКІН БЕ?

Иә, дегенмен қайта ауру ықтималдығы барлық адамдармен бірдей. Себебі, қызамық немесе қызылша аурулары жағдайында, туберкулезде өмірлік тұрақты иммунитет болмайды.

Сондықтан, туберкулезге шалдығудан ешкім де сақтандырылмаған.



ТУБЕРКУЛЕЗДІ ҚАЛАЙ ЖҰҚТЫРАДЫ?

Туберкулезді жөтеліп, түшкіріп және т.с.с. қоршаған ортаға (ауаға) туберкулез қоздырғыштарын тарататын ауру адамдардан жұқтырады.

Аталған ауру қоздырғыштары бар ауамен сау адам дем ала отырып, осы ауруды жұқтырып алуы, одан қалса, ауырып қалуы мүмкін. Яғни, АУА ТАМШЫЛАРЫ арқылы жұқтырады.

Туберкулез күнделікті керек-жарақтар, ыдыс-аяқ, ана сүті, киім, төсек орындары және де жыныстық қатынас арқылы БЕРІЛМЕЙДІ, сонымен қатар туберкулез ТҰҚЫМ ҚУАЛАМАЙДЫ.



НАУҚАСТЫҢ ТУЫСТАРЫ МЕН ЖАҚЫН АДАМДАРЫ ТЕКСЕРІСТЕН ӨТУЛЕРІ ҚАЖЕТ ПЕ?

Міндетті түрде. Сізбен қатынаста болған әрбір адам тексерістен өтуі тиіс. Әсіресе, Сізбен бір үйде/пәтерде тұратын адамдар туберкулезге қарсы диспансерлерде, АДО (СВП) және тұрғылықты жерінің емханасында тексерістен өтулері тиіс.

Тексерістен өту, тегін болғандықтан аурудың белгілері байқалмаған жағдайдың өзінде оны (ауруды) дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді.



НАУҚАСТЫҢ ТУЫСТАРЫ МЕН ЖАҚЫН АДАМДАРЫ ЕМ ҚАБЫЛДАУЛАРЫ ҚАЖЕТ ПЕ?

Тексеру барысында оларда белсенді туберкулез анықталған жағдайда, олар туберкулезге қарсы емнің толық курсын алады. Яғни, алдымен ауруханада 2-3 ай шамасында, кейін амбулаториялық жағдайда 4-5 ай шамасында емделеді.

Ауруды жұқтырғандығы анықталмаған жағдайдың өзінде, олар туберкулезге шалдығуы мүмкін. Сондықтан, ол адамдар амбулаториялық жағдайда, яғни үй жағдайында изониазидпен алдын алу курсын қабылдаулары қажет.



АЛДЫН АЛУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ БАР МА?

Туберкулез науқасын мейілінше ертерек анықтап, оған дер кезінде ем бастау аса маңызды шара болып табылады. Олар үзіліссіз ем қабылдаған мезеттен бастап қоршаған ортаға қауіпсіз болып саналады.

Алдын алудың тағы бір тиімді шарасы ретінде бөлмені тұрақты желдетіп тұру болып табылады.



ТЕЗІРЕК ЖАЗЫЛУ ҮШІН ТАМАҚТАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ ҚАНДАЙ?

Ол үшін арнайы диета сақтаудың қажеті жоқ.

Дегенмен, бауырға ауырлық түсірмес үшін, аса майлы, тұзды және ащы тағамдардың мөлшерін шектеген жөн.

Жалпы алғанда, тағамның құрамы әртүрлі және құнарлы болуы тиіс: жеміс-жидектер, көкөністер, ет, жарма және т.б.

Негізінен, жалғыз тағаммен ем жүргізілмейді, ол тек ағзаның қызметін жақсартып, оның дәріні жақсы көтеруіне және туберкулез қоздырғыштарына қарсы тұруына жәрдемдеседі.



ӘЙЕЛІМЕН/КҮЙЕУІМЕН ЖЫНЫСТЫҚ ҚАТЫНАСҚА ТҮСУГЕ БОЛАДЫ МА?

Жалпы БОЛАДЫ, бірақ тиімдісі, тағайындалған барлық туберкулезге қарсы дәрілерді тұрақты қабылдай бастап, қоршаған ортаға қауіп тудырмайтын кезде, яғни шамамен 3-4 апта өткеннен кейін.

Емді үзбей жалғастырып отырсаңыз, айналаңыздағы адамдарға қауіп төндірмейсіз. Ондай жағдайда, әйеліңізбен/күйеуіңізбен жыныстық қатынасқа түсе беруге болады.

Ең қауіпсізі, шамамен 2-3 ай мерзімінде ем қабылдаған соң. Себебі, бұл уақыт аралығында Сіздің ағзаңыз қатаяды. Сонымен қатар, бұл кезде Сіз емді амбулаторлық жағдайда, яғни тұрғылықты жеріңіздегі ең жақын деген емханаға барып жалғастырасыз.



ТУБЕРКУЛЕЗДІ ЕМДЕУГЕ ҚАНША УАҚЫТ ҚАЖЕТ?

Емнің ұзақтығы Сізді емдеуші дәрігеріңіз тағайындаған категорияға байланысты.

1 және 3 категориялары бойынша жүргізілетін емнің ұзақтығы кем дегенде 6 айды, ал 2 категория бойынша – кем дегенде 8 айды құрайды.

Әйтсе де, емнің шекті мерзімі, оның тиімділігіне байланысты емдеу барысында анықталады.



ЕМ ҚАЙ ЖЕРДЕ ЖҮРГІЗІЛЕДІ?

Емнің алғашқы 2-3 айын туберкулезге қарсы ауруханада жүргізу қажет. Оның басты себептері мыналар:

1. қоршаған ортаға жұқтыру қаупін болдырмау мақсатында;
2. дәрілерді қабылдауға дағдылану мақсатында;
3. емдеу барысында өзгерістерді уақытылы енгізіп тұру мақсатында, тұрақты және тікелей медицина қызметкерінің бақылауында болу.

Содан кейін ем 4-5 ай мерзімінде тұрғылықты жердегі жақын медициналық мекемеде жүргізіледі. Ол емхана дәрігерлік орын және де туберкулезге қарсы диспансер болуы мүмкін.



ЕМ ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗІЛЕДІ?

Ем тікелей медицина қызметкерінің бақылауымен жүргізіледі. Яғни дәріні қабылдау, дәрігердің немесе медбикенің бақылауымен жүргізіледі.

Бұл дегеніміз, сізге сенімсіздік таныту деген мағынаны білдірмейді. Ол сіздің және медицина қызметкерлерінің емнің тұрақты жүргізіліп жатқандығына толық сенімді болу үшін қажет. Себебі, емнің нәтижесі тиімді болу үшін тікелей бақылау аса МАҢЫЗДЫ шара болып табылады. Сонымен қатар, дәрілерді қабылдау барысында өзіңізді жайсыз сезінген жағдайда, дереу пайдалы кеңес алуға көмек береді. Әйтсе де, бұл өмір болғандықтан, сіз бір күні болмасын дәрілерді қабылдауды ұмытып кетпеуіңізге немесе бір түрлі қабылдау ережесін қателігіне кепілдік беруге болмайды. Емдеу барысында сіз БАРЛЫҚ дәрілерді ТҰРАҚТЫ қабылдауыңыз өте МАҢЫЗДЫ шара.



ОЛАР ҚАНДАЙ ДӘРІЛЕР?

1 және 3 категория бойынша қарапайым стандарттағы жиын: Рифампицин, изониазид, пиразинамид, этамбутол немесе стрептомицин.

2 категория бойынша – рефампицин, изониазид, пиразинамид, этамбутол және стрептомицин. Барлық дәрілер таблетка түрінде болады. Тек стрептомицин егуге арналған (инъекция).

Әдетте, дәрілердің 2 не одан да артық түрі бір таблетканың құрамына біріктірілген болуы мүмкін. Мысалы, изониазид пен рифампицин.



ЕМ АҚЫЛЫ НЕГІЗДЕ ЖҮРГІЗІЛЕДІ МЕ?

Сізге нақты ем категориясы бойынша емнің толық курсына тағайындалған барлық ТУБЕРКУЛЕЗГЕ ҚАРСЫ ПРЕПАРАТТАР МҮЛДЕМ ТЕГІН.

Егер де сізге қосымша дәрілер тағайындалған болса, оны емдеуші дәрігеріңізбен талқылаңыз.



НЕЛІКТЕН БАРЛЫҚ ДӘРІЛЕРДІ ТҰРАҚТЫ МІНДЕТТІ?

Тағайындалған БАРЛЫҚ дәрілерді қабылдамаған жағдайда, ауру қоздырғыштары (микроорганизм) сол дәрілерге үйреніп қалу қаупі туындайды. Яғни, дәрілердің оларға қарсы әсері жойылып «төзімділік» пайда болады.

Сол сияқты дәріні ТҰРАҚТЫ қабылдаудың да мағынасы бар. Дәрілерді қабылдауда үзілістер неғұрлым жиі жіберілген және ұзақ уақытқа созылған сайын, соғұрлым науқастың сауығып кету ықтималдығы кеміп, сондай-ақ төзімділіктің пайда болуына әкеп соғады.



ХАЛЫҚ ЕМДЕРІНІҢ ӘСЕРІ БАР МА?

Сіз, мүмкін, туберкулезге қарсы ит майының, соқыр жылан мен тасбақа сорпасының пайдасы бар екендігін естіген боларсыз. Әйткенмен де, туберкулезге шалдығудың негізгі себепкері оның қоздырушылары (микроорганизм) екендігін БІЛІП, және ТҮСІНГЕН дұрыс. Сол себепті, тек аталмыш микроорганизмге әсер ету арқылы ғана аурудан сауығып кетуге қол жеткізуге болады. Ал, ондай қасиетке тек препараттар ғана ие.



БАЛА КӨТЕРУГЕ ЖӘНЕ БОСАНУҒА БОЛА МА?

Емнің толық курсы алып болған соң, сіз алаңсыз жүкті болып бала тууыңызға болады.

Босану ғана емес, жүктіліктің өзіне де ағза үшін өте үлкен стресс болып саналады. Сондықтан, туберкулезге қарсы ем қабылдап жүрген кезде жүктілікті жоспарлаудың қажеті жоқ.



ЖҮКТІ ӘЙЕЛДЕРДІ ЕМДЕУГЕ БОЛА МА ЖӘНЕ ЕМДЕУ ҚАЖЕТ ПЕ?

әрине, БОЛАДЫ. Жүкті әйелдерге туберкулезге қарсы препараттарды қолдануына болады.

Стрептомициннен басқа туберкулезге қарсы негізгі препараттардың ешқайсысының ұрыққа (балаға) кері әсері жоқ және жүкті әйелге ешқандай зиян келтірмейді.



Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің
тапсырысы бойынша шығарылған

ТЕГІН ТАРАТЫЛАДЫ

«Polyprint LTD» ЖШС. Баспаханасында басылды. Тапсырыс №617, таралымы 104940 дана.